

Республикасының мыңдаған жылдық тарихында және қазақ халқының жадында мәңгі орын алатыны хақ. Ұлттық тарихтың ақтаңдақ, ұмыт болған беттерін ғылыми зерттеу бұл қазақстандық қоғам, қазақ халқы үшін ғана емес бүгінгі таңда әлем алдында Қазақстанның тарихи-географиялық, саяси-экономикалық тұғырының берік болуы үшін аса қажет.

Түркістан — екідүниеесігіой,
Түркістан — ер түріктіңбесігіой.
Тамаша Түркістандайжердетуған
ТүріктіңТәңірібергеннесібесігой.
ЕртедеТүркістандыТұрандескен,
Тұранда ер түрігімтуып-өскен.
Тұранныңтағдыры бар толқымалы,
Басынанкөптамашакүндеркешкен.
Арыстанелге Отан болғанТұран,
Тұрандақазағым да хандықкұрған.
ҚазақтыңқасқажолдыҚасым ханы
Тұранныңталайжерінбилептұрған.

Ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың Қасым ханға, ол өмір сүрген бағзы замандарға жырдан соққан мәңгілік ескерткіші осындай.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulfttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727>
2. Кляшторный С.Г., Сұлтанов Т.И. Казахстан летопись трех тысячелетий. -Алма-Ата: «Рауан», 1992.- 374 б.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінгі күнге дейін). Бес томдық. Том 3. -Алматы: «Атамұра», 1998. -768 б.
4. Махмұд пен Уали. «Бахр әл-асрар». Ташкент: «Фан», 1977. -324 б.
5. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. -Алматы: «Қазақстан», 1995. -208 б.
6. Кәрібаев Б. Қасым хан/Анатілі газеті. 2011, -№28, 5-6 б.
7. Пищулина К.А. Казахское ханство во взаимоотношениях с Могулистаном и Шайбанидами в последней трети XV века. -Алма-Ата: «Наука», 1981. -192 б.
8. Кәрібаев Б. Қазақ хандығының күшеюі (XV ғ. соңғы - XVI ғ. алғашқы ширектері). – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015. – 176 б.

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ ҚАЗЫБЕК НҮРЖАНОВ

Боранбай С.К., студент 3 курс
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Ғылыми жетекшісі: Тулегенова А.Ж., аға оқытушы, т.ғ.м.
Қарағанды қ.

Қазақ халқы өзінің бұрын-соңды тарихында басынан небір қилы замандарды өткізді. Тарихтың терен-терен қатпарларына көз жіберер болсақ, елдің есі мен санасында мәңгі сақталатын оқиғалардың бірі – Ұлы Отан соғысы мен 9-мамыр фашист басқыншыларын тізе бүктірген тарихи жеңіс күні. 1939 жылы фашистік Германияның Польшаға шабуылымен басталған екінші дүниежүзілік соғысқа көптеген мемлекеттер тартылды. Осы екіншідүниежүзілік соғыстың бір кезеңі Ұлы Отан соғысына да Кеңес Одағы құрамындағы республикалардың қатарында Қазақстан да қатысты.

Гитлершіл басқыншылар Батыс Еуропада әлденеше елді жаулап алғаннан кейін, Кеңес Одағының территориясына тұтқиылдан соғыс жарияламастан басып кірді. КСРО – ның құрамдас бөлігі ретінде Қазақстанға да өз Отанын қорғап, бұл соғысқа қатысуға тура келді. Қазақстан К(б)П Орталық комитетінің 1941 жылғы 25-26 маусымында өткен V пленумы республика халқынан «Бәрін Отанымыздың ең басты міндетіне - жауды жеңуге бағыттау» керек деп талап етіп, бүкіл жұмысты, экономиканы майдан мүддесіне сәйкес қайта құруға шақырды. Майданға жылдам әскери құрамалар құрыла бастады. Бұл құрамалар соғыс басталысымен іле-шала жасақталып, жедел әскери дайындықтан өтіп, майданға жөнелтілген қазақстандық дивизиялардың алғашқы тобына жатты. Бәрі де майдан үшін, бәрі де жеңіс үшін ұраны көтерілді. Қазақстандықтар Кеңес Одағы құрамындағы басқа халықтармен бірге Отан қорғауға аттанды.

Сталин басқарған Кеңес өкіметі соғыстың басталатыны туралы талай рет хабар алғанымен оған қажетті дайындық жүргізе алмады. Оның үстіне 1937-1938 жылдары талай талантты әскери басшылар репрессияға ұшырады. Сондықтан соғыстың бас кезінде Қызыл Армия бірқатар жеңілістерге тап болды.

Кеңес басшылығы әскери техниканың әлсіздігін, әскери басшылық өнердің төмендігін адам күшінің көптігімен өтеп, басқысы келді. Ол ойы орындалды да. Бірақ солақай саясаттың салдарынан қарапайым халық қырғынға ұшырады. Соған қарамастан Отанды, тәуелсіздікті қорғау жолында халық шын қаһармандық көрсетті, ерлікпен шайқасып, Кеңес Қарулы Күштерінің мақтанышына айналды.

Олардың ішінде өз Отанын, халқын неміс фашистерінен қорғауға аттанғандардың бірі – Қазыбек Нұржанов еді.

Қазыбек Нұржанов 1919 жылы 21 қазанда қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы (бұрын Қоңырат ауданы) Қуаныш ауылында Сауан жартасы деген жерде, Қараменде айрығында дүниеге келген.

1928 жылдан бастап отбасымен бірге қазіргі Жидебай селолық округіне қарасты Үшарал ауылына (Оян, Киров колхозы, Қоңырат совхозы) көшіп келген, балалық шағы сонда өтеді.

1935-1937 оқу жылдары Қазыбек Нұржанов Қарқаралы қаласындағы педагогикалық училищеде үздік оқып бітірген. 1937-1939 жылдары аудандық оқу бөлімінде инспектор, «Бірлестік», «Киров» колхозындағы өзі оқыған 7 жылдық мектепте мұғалім болып жұмыс жасаған[1, 86.].

1939 жылы Шет ауданының әскери комиссариаты арқылы Қызыл армия қатарына шақырылып, Хабаровск өлкесіндегі, Амурдағы Комсомольск қаласында әскери даярлықтан өтеді.

Фашистік Германия Кеңес еліне басқыншылық соғысын бастаған тұста Қазыбек атамыз Отан қорғауға бел буып, соғысқа өзі сұранып, майданға аттанды[2].

1942 жылдың сәуір айынан Батыс майданда Брянскі фронтының 3-ші армиясының 5-атқыштар дивизиясының 6-шы жеке танкіге қарсы жойғыш дивизионының, танкіге қарсы қарулар ротасының, 45мм танкіге қарсы зеңбірегімен атқыштар бөлімінің командирі болып соғысқа араласты. Алғашқы әскери шені - кіші сержант болды.

1943 жылы 5 тамызда Ресейдің Орел қаласын алу барысында взвод командирінің жарақат алып, қатардан шығып қалуына байланысты, басқаруды дереу өз қолына алып, батыл түрде шешім қабылдап, жаяу әскер бөлімімен бірге ұрыс жүргізіп, Орел қаласына алғашқылардың бірі болып кіреді. Осы ерлігі үшін 61-ші жеке танкіге қарсы жойғыш дивизионының командирі Михеевтың 1943 жылғы 12 тамыздағы наградаға ұсынуы бойынша «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

1944 жылдың қаңпанында Днепр өзенін жаудан азат ету барысында жаяу әскердің алдыңғы қатарында жүре отырып, шешуші минуттарда жаудың бекінген нысандарын дәл көрсетеді. Днепр үшін ұрыста Қазыбек жаудың 2 пулеметін жояды. Аталған ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады.

Золотарев түбінде болған ұрыста Қазыбек Нұржанов жеке өзі 45-мм танкіге қарсы зеңбірегімен дәлдеп атып, немістің танкісін жойса, ал оның танкіге қарсы қарулар ротасы бөлімі немістің 3 танкісін жояды. Басшылық Қазыбек Нұржановтың көзсіз батырлығын және тапқырлығын жоғары бағалап, оның барлау взводына ең күрделі тапсырмаларды жүктейді.

1944 жылдың ортасында фашист басқыншыларын түпкілікті талқандау, Белоруссия жерін толықтай азат ету мақсатында жүргізілген әйгілі «Багратион» операциясы басталған уақытта, аға сержант Қ.Нұржановтың басқаруындағы барлаушылар взводы Волковиск қаласын алардағы ұрыста бүйірдегі қамту тобында қатысты. Топтың батыл қимылдауы жау тобырын састырды. Гитлершілер соғыс техникасын, қару-жарақтарын тастап қашты. Қ.Нұржанов қашқан жауды қуып, 3 фашисті тұтқынға алды. Оның бірі- офицер. Ержүрек Қазыбек шабуылдаушы жаяу әскерді соңынан ерте Волковискіге бірінші болып кірді. Қала шетіндегі теміржол аймағында Қазыбек Нұржановтың аяғының астында мина болып, оның жарықшағы басына тиіп, ауыр жараланады.

Дивизионға ең қымбат жауынгердің алған жарақатының өте ауыр болуына байланысты, дивизион басшылығы жауып тұрған оққа қарамастан, Қазыбекті ұрыс даласынан 30-40 шақырымда, тылда орналасқан Деречин деревнясындағы №196 Әскери-далалық госпиталына жеткізеді.

1944 жылдың 15 шілдесі күні 196-шы хирургиялық дала госпиталына қатты бас сүйегі жарақатымен түскен Қазыбек ажалмен 9 күн арпалысып, 1944 жылдың 24 шілдесі күні қайтыс болды[1,106.].

Волковиск қаласын жаудан толық азат еткеннен кейін Дивизия және Армия басшылығы Қазыбектің соғысқа кіргеннен кейінгі, яғни 1942 жылдың сәуір айынан бастап жасаған ерліктерін және де соңғы Волковиск қаласын алудағы асқан ерлігін бағалап, ең жоғарғы награда Алтын жұлдыз бен Ленин орденін бере отырып, Кеңе Одағының Батыры атағын беру туралы ұсыныс жасаған.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1945 жылғы 24 наурыздағы Жарлығы бойынша көрсеткен қаһармандығы мен ерлігі үшін Қазыбек Бейсенұлы Нұржановқа қаза болғаннан кейін Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Алайда Қазыбек Нұржановтың жерленген жері белгісіз болғандықтан, туыстарының және де КСРО Қорғаныс министрлігінің, Белоруссия мемлекетінің, Багратион музейінің, Қазақстан Республикасының әскери комиссариатының, Аудандық комсомол комитетінің іздестіруі нәтижесінде, КСРО Жоғарғы кеңесінің президиумының төрағасы Л.И.Брежневтың қолымен 1960 жылдың 29 қарашасында толтырылып, Батыр атағы берілгеннен 15 жылдан кейін, Ақтоғайға әкеліп әкесі Нұржан ақсақалға салтанатты түрде табысталған.

Батыр туралы архив материалдары алпысыншы жылдары жинақталды. Қазыбек Нұржановтың Кеңес Одағының батыры атағына ұсынылған наградалық қағазының көшірмесі: «Қазыбек Нұржанов аға сержант, 5-ші атқыштар дивизиясының 61-ші барлаушылар взводының командирі. 1919 жылы туған, қазақ, КПСС мүшесі, 1942 жылдың сәуірінен Ұлы Отан соғысының шайқастарына қатысушы. Бір рет жаралы болған. Қарағанды

облысының Қоңырат әскери комиссариаты арқылы әскерге шақырған. Бұдан бұрын «Ерлігі үшін» медалімен, «Қызыл Жұлдыз» орденімен және ШДәрежелі Даңқ орденімен наградталған. Үй адресі: Қазақ ССР-і, Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы, Киров селолық Советі»[1,146.].

Сондай-ақ батыр жайлы естеліктердің бірінде:«Қиыр Шығыста жүргенде, - дейді запастағы офицер Шәкіжан Сүйменбаев, ротаның командирі Корчиков пен комиссар Крючков: «Нұржанов Қазыбекке жорық та, жұмыс та, түн де, күндіз де, қиыншылық біткеннің бәрі бір. Ол көңілді де, қуанышты қалыпта», - делінген[3].

Тағы бір деректерде Орлов атқыштар дивизиясы бесінші ротасының бұрынғы командирі А.Васильев алғашында Қ.Нұржановпен қалай танысқаны жайлы баяндайды:«Қыр мұрынды, домалақ жүзді Қазыбек жұрттың көңілін өзіне бірден аударатын. Кішіпейіл, айтқанды қалтқысыз орындайтын Нұржановты командир жауынгерлерге үлгі ететін. Уақыт деген зымырап өтуде. Соғыс кезінде ерлікпен қаза тапқан Қазыбек досымның елінде, Қазақстанда әлі болғаным жоқ. Бірақ оның ерлігін балаларым мен немерелеріме жыр қылып айтып, бейнесін мәңгі есте сақтаймын», - дейді [1,336.].

Ең өкініштісі батырдың жерленген жерін ұзақ уақыт бойы табу мүмкін болмады. Қанша жылдық зерттеулер нәтижесінде, Қазыбек Нұржановтың жерленген орны 2010 жылы ғана белгілі болды. Бұл үшін Қазақстаннан Белоруссияға арнайы делегация бірнеше рет барды. Арада қаншама уақыт өтсе де, орыс жұрты Қазыбек Нұржанов есімін ұмытар емес. Жыл сайын жеңіл атлетикадан оқушылар арасында жарыс өткізіп тұрады. Қыркыншы рет өткізілген жарыста біздің еліміздің делегациясы бірінші рет қатысты. Жергілікті қызыл ізшілер көп жұмыс атқарып, батырдың қалай қаза болғанын анықтаған. Бұған дейін 1944 жылғы 14 шілдеде қайтыс болды делінген болатын. Қаза болған жері де белгісіз еді. Кейінгі одақтық құпия мұрағаттардың ашылуының арқасында, батырдың қаза болған уақыты нақтыланған болатын. 1944 жыл 24 шілде... Гвардия аға сержантының осы Волковск үшін соғыста көзсіз ерлік көрсетіп, ауыр жараланып, госпитальға түскені айтылады. Одан арғы деректердің бәрі күмәнді еді.

Белорустар батырдың осы жарақаттан қаза болғанына сенімді еді. Ал осыған дейінгі деректерде батырдың Германия жерінде қаза болғаны жайлы айтылып келген еді. №196 госпиталь құжаттарын зерттей отыра, олар Қазыбек Нұржановтың Деречин селосында Қазыбек Муржаков болып жерленгенін дәлелдеп шығады.

Қазыбек Нұржановтың соңғы демі үзілер шақ, Волковск қаласы спорт қалашығы делінеді. Оның ішінде спорттық ойын түрлері жеңіл атлетика, гимнастикаға спортшылар көптеп қатысады. Жарысқа қатысушылар сап түзеген соң, екі мемлекеттің туы көтерілді. Ел ұрандары айналды. Бірінші рет. Қырық жылдан соң. Қарапайым белорустың жылағанын көріп өзіміз де босадық. Волковск қаласынан 5 батыр шыққан екен. Бірақ Қазыбек Нұржановқа деген жергілікті тұрғындардың құрметі атымен бөлек. Қазақ беларусы дейді. Кеңес Одағының батыры атағын алған 528 қазақстандық бар. Солардың бірде біреуінің құрметіне шетелде жарыс өткізілмейді. Мұндай құрметке ие болған тек Қазыбек Нұржанов ғана[5]!

Осы тұрғыда Белоруссияға делегация мүшелерімен барған Қазыбек Нұржановтың немересі Марат Нұржановпен байланысып, Белоруссияға сапарлары жайлы мәліметтер алған болатынмын. Бұл зерттеу жұмысымды маңызды деректермен толықтыруға септігін тигізді.

Бүгінде Волковск қаласының бір көшесіне Қ.Нұржановтың аты берілген, Қаһармандар аллеясында есімі жазылған.

1965 жылы Үшарал ауылындағы батырдың өзі оқып, жұмыс істеген мектебіне Қазыбек Нұржановтың есімі беріліп, 1975-1976 оқу жылы мектеп Қоңырат совхозының орталығына (қазіргі кезде – Ақтоғай ауданы, Жидебай селолық округі, Сәуле ауылы) жаңадан салынған мектепке ауыстырылды. Сол жылы мектептің жанына ескерткіші қойылды. Ақтоғай селосында Қ.Нұржановтың атындағы көше бар. Батырлар саябағында ескерткіші орнатылған, Үшарал ауылында 2019 жылы Батырдың 100 жылдық мерейтойының құрметіне орай – Саябағы ашылып, Қарағандының жеңіл атлетика манежіне және бір көшесіне есімі берілді.

Батырларымызды мәңгі мақтан тұтып, естен шығармау, келешек ұрпақтың борышы, ата-бабамыздың соңғы демдері үзілгенше күрескен тәуелсіздігі, бізге қалдырған басты аманаты! Қазыбек атамыз бейбіт өмірде ұстаз бола білсе, қан майданда асқан ерлік көрсеткен барлаушы бола білді. Батырларымыздың ерлік істері өскелең ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ақпанбаева Т. Ақтоғайлық қос қыран. – Қарағанды: «Tengri Ltd» ЖШС, 2019. – 204б.
2. Айдынғали А., Айдынғалиқызы Ұ. Өзі сұранып соғысқа аттанған. // Sarbaz, 2019 ж. 7 маусым, - №23.
3. Нұржанов М. Ардақты ағам еді. // Тоқырауын тынысы, 1999ж. 4 қыркүйек. - 6 бет.
4. Қаленов Қ. Өшпес ерлік, өлмес мұра. // Тоқырауын тынысы, 2005. 238-253бб.
5. Төрехан Майбас. Деречин жерінде. // Орталық Қазақстан. - №25, - №26, - №27.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ:ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІ

Бақыт Ж.Ш

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Кентбек С.Қ.